

2023-2024 оқу жылының тәрбие шараларына шолу

Мектептегі оқу үрдісі тәрбие жұмысымен тығыз байланысты. Тәрбие жұмысының жоспары ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 бұйрығымен бекітілген ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жасалынды және педагогикалық кеңес (28.08.2023 ж. №1 хаттама) шешімімен бекітілді.

Мектептегі тәрбие жұмысының проблемалық тақырыбы:

Жан-жақты жетілген, ұлттық және әлемдік мәдениетті меңгеру қабілеті бар саналы жеке тұлғаны қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылына арналған мектептің тәрбие қызметінің басым бағыттары:

Ұлттық мүдде: - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу.

Ар-ұят: - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Отбасының, өз ортасының абыройын асыру;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту.

Талан: - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау;

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу.

2023-2024 оқу жылында әр сыныпқа сынып жетекші тағайындалып, әр жетекші өз сыныбындағы тәрбие жұмыс жоспарын жасап бекітті. Мектеп бойынша тәрбие сағаты әр дүйсенбі күні өткізілді, тәрбие сағаттарының өткізілуі [Күнделік.кз](http://kundeslik.kz) журналында белгіленді.

Сынып жетекшілер ашық тәрбие сағаты мен сыныптан тыс шараларды жоспарлы түрде өткізді. Сыныптағы оқушылардың оқу-тәрбие әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың ықпалын үйлестіру сынып жетекшілеріне (менторларға) жүктелді.

Мектепте дәстүрлі мерекелер мен атаулы күндерге байланысты іс-шаралар жүйелі өткізіледі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріле отырылып, тәрбиенің әдіс-тәсілдері анықталып, интерактивті әдіс-тәсілдерді қолдана отырып шаралар ұйымдастырылды.

Оқушылардың шығармашылығын дамытумен бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында танымдық-тәрбиелік жобалар іске асырылды.

2023-2024 оқу жылында өткізілген тәрбиелік шаралар:

1 қыркүйек "Білім күні"мерекесіне арналған салтанатты жиын **«Сыңғырла, күміс қоңырау!»** ұранымен өткізілді. Шара "Отаным!" патриоттық әнімен ашылды. Мемлекеттік Гимн орындалғаннан кейін мектеп директоры Абылай Асқарұлы Рамазанов 2023-2024 оқу жылының басталуымен құттықтап, алға қойылған мақсат-міндеттермен таныстырып, оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруға атсалысқан ұстаздарды марапаттады. Оқушылар өлең оқып, ән шырқады. Жиын дәстүрлі қоңырау соғу рәсімімен аяқталды. <https://www.instagram.com/reel/Cwp9evlR6y1/?igsh=NWt0YTYwOHJ6dWsz>

Қыркүйектің 15-20 аралығында барлық сыныптарда ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды.

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: "Тәрбие-отбасынан басталады"

Күн тәртібінде:

1. Ұйымдастыру бөлімі(танысып,жағымды жағдай қалыптастыру үшін тренинг немесе ойын);
2. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен,мектеп жарғысымен таныстыру (ұялы телефон, екінші аяқ киім, мектеп формасы, сабақтан себепсіз қалмау, т.б өзекті мәселелерге тоқталу);
3. Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі (жол,су,өрт,биіктен құлау,түнгі мезгілдегі шектеулер,ақпараттық қауіпсіздік:әлеуметтік желі мәдениеті);
4. «Балаларымызды зиянды әдеттерден қорғайық!»(жарнамалық бейнеролик,презентация көрсету);
5. Ата-аналар комитетін сайлау;
6. Ағымдағы мәселелер.

<https://www.instagram.com/reel/Cw-vIokMlkY/?igsh=bHR4bXl3ZnN3ODM3>

"Жастан үйрен ұлттық әдет-ғұрыпқа, Қазақ қызы екенінді ұмытпа!"тақырыбымен жалпы мектепішілік қыздар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. "Қазақ қызының ұлттық тәрбиесі" баяндама;
2. "Қыздарға кеңес"психолог айдары;
3. "Зиянды әдеттерден аулақ бол";
4. "Мектептің ішкі тәртіп ережелері";
5. Ағымдағы мәселелер қаралды.

Қыз балалар тәрбиесі жөнінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Дуйсмаганбетова, психолог маман С.Умирзакова сөз сөйледі.

Жиналысқа 10-11 сыныптар бойынша 90 қыз бала қатысты.

https://www.instagram.com/reel/CxVRxCEMjzp/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

"Жігіт болсаң,жігерінді жасытпа"тақырыбында мектепшілік ұл балалар жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. "Ұл бала тәрбиесі.Ұлдарға кеңес";
2. "Құқықбұзушылықтарға мүлде жол бермеу";
3. "Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі";
4. "Темекінің зияны.Вейп";
5. "Ішкі тәртіп ережелері"
6. Ағымдағы мәселелер қаралды.

Ұлдар жиналысында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Дуйсмаганбетова, психолог маман С.Умирзакова сөз сөйледі.



21қыркүйек күні оқушы жастар арасында діни радикализмге қарсы иммунитет қалыптастыру бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты:

- Деструктивтік діни ағымдардың жеке тұлғаға, қоғамға тигізетін кері ықпалы жөнінде ой салу;
- Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, құндылықтарын насихаттау арқылы экстремизммен терроризмнің таралуына жол бермеу;
- Кездесулер арқылы өскелең ұрпақтың бойына ұлтжандылық, Отансүйгіштік қасиеттерді сіңіре отырып патриотизмге тәрбиелеу.

Кездесуде төменгідей тақырыптар талқыланды:

- Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі ережелерін түсіндіру;
- Зайырлы қоғам және мемлекет дамуының зайырлылық принциптері;
- Жастар арасында рухани құндылықтарды түсіндіру және діни сауаттылықты арттыру;
- Дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын түсіндіру;
- Дін мен дәстүрдің өзара байланысы;
- Интернет-кеңістікте теріс діни идеологияны насихаттайтын парақшалардың қауіптілігі.



28 қыркүйек күні тәрбие және тағылым орталығында мерекеге орай «Оян,қазақ!» фильмін кинотеатрда тамашалау ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/Cxu483zsdJ/?igsh=bmh5OXZ4dDZ1OHB3>

5-6 қазан аралығында «Ұстаздар күні» мерекесін тойлауға арналған іс-шаралар жиынтығы ұйымдастырылды.

6 қазан«Дублер күні» 10-11 сынып оқушыларының сабақ беруі;

5 қазан«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар мәңгілік»мерекелік концерті.

<https://www.instagram.com/reel/CyL86BfsnZl/?igsh=MWplbWlmNXFzMGk3Yw==>

10-11 сынып оқушыларының тамақтануын,асхананың талапқа сай жұмыс жасауын және балаларға берілетін тамақтардың сапасымен ұйымдастырылуына бақылауды мектеп директоры, қамқоршылық кеңес төрағасы, ата-аналар комитетінің өкілдері,мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог,сынып жетекшілер тарапынан құрылған комиссия құрамы айына 2 рет тексереді. «Дайын тамақтың сапасын бақылау» бракераж журналының толтырылуына да тексеру жүргізіліп отыр. Ыстық тамақ ас мәзірі бойынша беріледі. Ескертулері асхана қызметкерлеріне айтылып отырады. Айына 1 рет тамақтану мен тамақ пісіру орнына толық тазалық жасалынып, дезинфекцияланады. Оқушыларға берілетін тағамдар сапасы мөлшерге сай ас мәзірі бойынша үнемі өзгеріп отырады. Мектеп асханасының санитарлық талаптарының, залалсыздандыру жұмыстарының толық тиісті дәрежеде жүргізілуіне және асхана қызметкерлерінің жеке бас гигиенасын сақтауы да уақытылы қадағаланып отырады. Асханада жұмыс жасайтын қызметкерлердің барлығы да медициналық бақылаудан өткен, санитарлық кітапшалары реттелген, арнайы киімдермен қамтылған.



25 қазан Республика күніне орай саяси маңызды мереке қарсаңында ABYROI SCHOOL мектептер желісі арасында құттықтау челленджі ұйымдастырылды. Әрі қарай челлендж Атырау мектебіне жол тартып, одан Ақтөбе мектебіне жолданды. Ақтөбе мектебі мерекелік құттықтау челленджінің әдемі нүктесін қойды. Осылайша, желіаралық құттықтау арқылы ұлттық мерекені ұлықтадық.

https://www.instagram.com/reel/CyN-YPkM_So/?igsh=ZGE3cWt5aHJrNGs4

12 қарашада ABYROI GRAND BALL қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Әсемділік пен бекзадалық салтанат құрған балымыздың әдемі бейнесін көрдік. Осы балл арқылы Абыройлық шәкірттер оқу-біліммен қатар игі іс-шараға уақыт бөліп, адам бойында мейірімділік, ізгілік секілді асыл қасиеттердің маңыздылығын түсіндіргісі келді. Шарадан жиналған қаражат “Мейірім» мүгедек балалар және олардың ата-анасының Батыс Қазақстандық қоғамы қоғамдық бірлестігіне табысталды.

<https://www.instagram.com/reel/CzjcKqGsjbk/?igsh=b2J3djY2NmZpcjY=>

8 желтоқсан күні көрерменді күлкіге қарық қылған КТК ойыны өтті. Әзілімен, әртістік қабілетімен ерекшеленген “ЖАҢАҚАЛА” Бас жүлде мен кубокқа ие болды. Сайысқа 10-11 сыныптардан 6 команда қатысты. Қоғамда көрініс тапқан оқиғалар мен түйткілді мәселелерді астарлы әзіл-қалжыңмен жеткізуге үйрету мақсатындағы бұл ойынды әр жыл сайын өткізу жоспарға да алынған-ды.

<https://www.instagram.com/reel/C0y0DTJMQw7/?igsh=anp3enAxN2FvN2Vx>

11 желтоқсанда мектебімізде облыстық ABYROI CUP 2.0 пікір сайыс турнирі болып өтті. Турнирге облыс бойынша 20 фракция қатысты. Жүлде қоры 200 мыңды құраған турнир қорытындысы бойынша:

* 1- орынды “Капучино” фракциясы, Нуржанов Расул, Есенғалиева Лилия

- * 2-орынды “BRATZ” фракциясы Есполқызы Айша, Салимгерейқызы Сумайя
- * 3-орынды “Әл-Фаизу” Тұрақ Еркәнат, Уалиханова Жансұлу
- * “Үздік талпыныс” номинациясын “Атлант ұрпақтары” Орынбасарқызы Аружан, Ерболат Нұрай
- * “Үздік спикер” номинациясын Салимгерейқызы Сумайя
- * “Үздік төреші” номинациясын Талапова Дильназ иеленді.

Жеңімпаздарға ақшалай сыйлық пен оқу жеңілдіктері берілді

<https://www.instagram.com/reel/C0tqSZqMiEd/?igsh=YmdrOW53NmVjd2k3>

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні"мерекесіне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C04VnzWMmGA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

"21 желтоқсан оқушыларымыз «Жастар Рухы» жастар қанаты Батыс Қазақстан облыстық филиалы төрағасы Исламғали Архат Жұбайұлымен кездесу ұйымдастырылды .

<https://www.instagram.com/reel/C1HPqeZsDVf/?igsh=dDh1ZDdhNDJxZGs0>

Мектебімізде 28 желтоқсан аралығында 10-11 сыныптар аралығында жаңа жылдық ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Шараларға 300-ге жуық білім алушы қамтылды.

<https://www.instagram.com/reel/C1hWJpaoTIZ/?igsh=MWRmZjBuNHlqbzBvdA==>

2023 жылы мектебімізді бітірген түлектеріміз, сағынышпен ұшқан ұяларына келіп, түлектеріміз бен мектеп оқушылары арасында жайлы отырыс болды. Кеше ғана мектебімізден ұшқан оқушыларымыз, студент болып қайта оралды. Түлектеріміз мектеп оқушыларына ҰБТ-ға дайындалудың құпияларымен бөлісті

<https://www.instagram.com/reel/C1xOBAurN9L/?igsh=azRsMWJxdXhjcZBq>

10 қаңтарда күні "Жасөспірімдерде жаман әдеттердің пайда болу себептері және олардан арылу жолдары" тақыбында ата-аналар жиналыстары ұйымдастырылды.

Күн тәртібінде:

1. «Жасөспірімдерде жаман әдеттердің пайда болу себептері және олардан арылу жолдары» (көрнекі құралдар арқылы қазіргі оқушылар арасында туындап отырған вейб электрондық темекі туралы толық мағлұмат беру, баяндама оқу, пікір алмасу);
2. I оқу тоқсанының қорытындысы(әр оқушының білім сапасына тоқталу,қажет жағдайда пән мұғалімдерін қатыстыру);
3. «Балалардың ақпараттық қауіпсіздігі және әлеуметтік желідегі мәдениеті» (мектеп оқушыларының анонимдік чаттар ашып,бір-бірін мазақтау фактілерінің орын алуы, әлеуметтік желідегі отыру уақытын шектеу, қандай сайттарға кіретінін, араласу ортасын қадағалау туралы);
4. «Отбасындағы қатыгездікке,жыныстық қолсұғушылыққа жол бермеу,балалар құқығын қорғау» (әңгімелесу,елде болып жатқан фактілер туралы мысал келтіру, ҚР бала құқығын қорғау туралы Заңмен таныстыру);
5. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен,мектеп жарғысымен қайта таныстыру (ұялы телефон,екінші аяқ киім,мектеп формасы,сабақтан себепсіз қалмау, т.б өзекті мәселелерге тоқталу);
6. Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі(жол,су,өрт,биіктен құлау,түнгі мезгілдегі шектеулер);
7. Ағымдағы мәселелер.





31 қаңтарда ABYROI SCHOOL ORAL мектептері арасында өткен ABYROI BARYSY жарысы өтті. Жарыс қорытындысы бойынша, - 65 кг салмақ бойынша 3-филиал оқушысы Адиев Дамир “ABYROI BARYSY” атанды, +65 кг салмақ бойынша 2-филиал оқушысы Мақсат Диас “ABYROI BARYSY” атанды. Ұстаз ағайлар арасынан Бауыржан Ершатұлы “ABYROI BARYSY” атанды.

<https://www.instagram.com/reel/C2wPLRTocud/?igsh=MWgwM3BoNW95bHEX>

28 ақпанда қайырымдылық жасау мақсатында жасалған жұма жермеңкесіне оқушыларымыз белсене қатысып, сол жиналған қаражатқа “Әлеуметтік қызмет көрсету орталығына” кішігірім сыйлықтарын тарту етті. Қарияларымыздың, ақ жаулықты әжелеріміздің жүздеріне күлкі сыйлау мақсатында мектебіміздің парламент мүшелері өз өнерлерін көрсетті.

https://www.instagram.com/reel/C34q3o9M_G/?igsh=NWpnNnhsMzV1MGR3

Наурыз айындағы іс-шаралар:

Халықаралық әйелдер күні :<https://www.instagram.com/reel/C4M30yLliZR/?igsh=a21wZjhoZTU1M2dz>

20 наурыз күні Ежелден жаңарту мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған Өз – Наурыз мерекесі мектебімізде тойланды

<https://www.instagram.com/reel/C40Om0ZMe7p/?igsh=MTQwMXIndGR3Ymxjdg==>

БҚО су тасқынынан зардап шеккен бірқатар елді мекен, аудан тұрғындарына ABYROI SCHOOL Oral мектебі ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК көрсетті. Зардап шегіп отырған, үй жайлары топан судың астында қалып қойған халықпен тілдесіп, мұң мұқтажына құлақ салып, кездесті. Әрбір жасалған істе ізгіліктің бар екенін есте сақтаған абзал. Адамның жасаған игі істерінің бәрі оның ақыл-ойы мен жүрек жылуының көрінісі. ABYROI SCHOOL Oral мектебі елдің игілігіне, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында қызмет ететіндігінің тағы да бір жарқын көрінісі.

<https://www.instagram.com/reel/C5WN1ezsQlO/?igsh=anlnanZibXBkMH03>

Ер есімі - ел есінде! Біз сүріп жатқан бейбіт өмір - майдан отын көрген ата-баба рухының жемісі. Ал қасықтай қанымен күрескен осы батырлар есімін мәңгі санада сақтау - бүгінгі ұрпақтың парызы!

<https://www.instagram.com/reel/C6vi0FjMIki/?igsh=Zm90YzQ2YmVlanVn>

25 мамыр "Мектебім, саған мың алғыс!" атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өткізілді. Жиынға Орал қаласы әкімінің орынбасары Халелов Азамат Ерғалиұлы қатысты. Салтанатты жиын Мемлекеттік Гимнді орындаудан басталды. Мектеп директоры Абылай Рамазанов құттықтау сөз сөйледі. Сөзінде мектеп бітіруші түлектермен ата-аналарға жүрек жарды тілегін арнап, жыл бойы үздік атанған ұстаздарды марапаттап өтті. Жиын қонағы Орал қаласы әкімінің орынбасары Халелов Азамат Ерғалиұлы сөз сөйлеп, оқушыларға сапалы демалыс, түлектерге сәт сапар тіледі. Мектеп бітіруші түлектер қимастықпен өлең жолдарын оқып, балалық шақпен қош айтысты. "Күтеді алдан арман" әнін шырқап, құттықтау сөздерін сөйледі. Қоштасу вальсі биленіп, "Қош бол, мектеп!" әні орындалды. Соңғы рет қоңырау сыңғырымен салтанатты жиын аяқталды.



Ұсыныс:

1. Зияткерлік бағыттағы іс-шараларды көбейту;
2. Құндылықтарды насихаттауға бағытталған шаралар өткізу;

3. Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстарды жоспарлау;
4. Мүдделі мекемелермен бірлескен жоспарды шыңдау.